Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің жиналысы

ХАТТАМАСЫ

Түркістан қ. 16 маусым 2026 жыл

Басталу уақыты: 10 сағ. 00 мин

Төраға: Алимкулов Закридин Нурханович
(Т.А.Ә.)

Хатшы: Әбутәліп Ақмырза Ерхасенович
(Т.А.Ә.)

Қаралатын мәселенің мазмұны

1.Сыбайлас жемқорлықтын алдын алу.
2.Мемлекеттік қызметкерлердің әдеп нормаларын сақтау.
3.Лудомания құмар ойындарының алдын алу бойынша түсіндіру.
4.Діни экстремизмнің алдын алу мәселелері.
5.Мемлекеттік мүліктерді нысаналы мақсатында пайдалану.

Қатысушы тұлғалар

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Э.Байырбекова және Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы Б.Анарбек, Департаменттің басшы орынбасары З.Алимкулов, аудандық, қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларының басшылары мен мамандары ZOOM видео-байланыс жүйесі арқылы қатыстырылды.

1. Жиналыс төрағасы күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз сөйледі. Төраға өз сөзінде сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең тиімді жолы — оның салдарымен алысу емес, оның алдын алу (профилактикасы) екенін атап өтті. Мекеме қызметкерлерінің бойында жемқорлықтың кез келген көріністеріне «мүлдем төзбеушілік» (нулевая терпимость) психологиясын қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Әрбір қызметкердің ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын мүлтіксіз сақтауы қажеттігін қатаң ескертті. Мекемедегі мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету, адам факторын азайту үшін цифрландыру құралдарын барынша тиімді пайдалануды, сондай-ақ

Департамент және басқарма мамандарына санитариялық-эпидемиологиялық саласында сыбайлас жемқорлық құбылыстарын байқағанда жасырмауды талап етті.

2. Екінші мәселе бойынша жиналыс төрағасы кеңінен сөз сөйледі. Төраға өз сөзінде мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі тек оның білімімен ғана емес, бірінші кезекте оның ішкі әдептілігімен, халықпен қарым-қатынас мәдениетімен өлшенетінін атап өтті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің талаптарын сақтау — әрбір қызметкердің тікелей міндеті екенін қатаң ескертті. Азаматтардың өтініштерін қарау кезінде дөрекілікке, салғырттыққа және төрешілдікке жол бермеуді, еңбек тәртібі мен қызметтік киім үлгісін қатаң сақтауды талап етті.

Сонымен қатар, төраға мемлекеттік қызметшінің жұмыс уақытынан тыс уақытта да, интернет кеңістігінде де қоғам назарында болатынын ерекше атап өтті. Әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, TikTok және т.б.) мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік саясатқа қайшы келетін немесе бейәдеп суреттер мен бейнематериалдарды жариялауға қатаң тыйым салынатынын мәлімдеді. Әрбір қызметкердің желідегі белсенділігі мен қоғамдық орындардағы тәртібі мекеменің беделіне тікелей әсер ететінін айтып, әдеп нормаларын бұзған қызметкерлерге қатысты заң аясында қатаң тәртіптік шаралар (сөгіс, қатаң сөгіс) қолданылатынын ескертті.

3. Қызметкерлер арасында лудоманияның (құмар және бәс тігу ойындарының) алдын алу және тәуелділіктің зиянын түсіндіру мәселелері. Төраға өз сөзінде бүгінгі таңда лудомания (құмар ойындарға, букмекерлік кеңселерге, онлайн-казиноларға тәуелділік) қоғамның өзекті дертіне айналып отырғанын және бұл мәселе мемлекеттік қызметкерлері үшін де үлкен қауіп төндіретінін атап өтті. Құмар ойындарға салыну тек жеке тұлғаның қарызға батуына, отбасының ойрандалуына әкеліп қана қоймай, қызметте сыбайлас жемқорлыққа, ақша жымқыруға және лауазымды өкілеттіктерді асыра пайдалануға итермелейтін негізгі фактор екенін қадап айтты. Сондай-ақ құмар ойындарға тәуелділіктің адамның психикалық және физикалық денсаулығына теріс әсер етеді. Ұдайы стресс пен эмоционалдық қысым ұйқының бұзылуына, депрессиялық жағдайлардың пайда болуына, жүйке жүйесінің әлсіреуіне және жалпы өмір сапасының төмендеуіне алып келеді.

Төраға мемлекеттік қызметкердің беделі мен ар-намысы кез келген уақытта таза болуы керектігін ескертті. Мекеме аумағында, жұмыс уақытында, сондай-ақ жұмыстан тыс кездерде де құмар ойындар ойнауға, қызметтік планшеттер мен компьютерлерді бәс тігу (ставки) үшін пайдалануға қатаң тыйым салынатынын мәлімдеді. Әрбір бөлім басшысына өз бағынысындағы қызметкерлердің мінез-құлқына, психологиялық ахуалына назар аударып, күмәнді іс-әрекеттер немесе қарыздар болу белгілері байқалған жағдайда шұғыл түрде профилактикалық жұмыстар жүргізуді тапсырды. Құмар ойындарға қатысы бар деп анықталған қызметкерлерге қатысты заңнама талаптарына сәйкес қызметтен шығаруға дейінгі қатаң шаралар қолданылатынын қатаң ескертті.

4. Қызметкерлер арасында діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу, деструктивті діни ағымдардың зиянын түсіндіру және идеологиялық иммунитетті қалыптастыру мәселелері. Төраға өз сөзінде мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселесі аса маңызды орын алатынын атап өтті. Заманауи ақпараттық технологиялардың, әсіресе әлеуметтік желілердің (Telegram, TikTok, YouTube және т.б.) дамуы деструктивті діни ағымдардың өз идеологиясын насихаттауын жеңілдеткенін, сондықтан әрбір қызметкердің діни сауаттылығы мен қырағылығы жоғары болуы тиіс екенін айтылды.

Мемлекеттік қызметшілер мен ұйым қызметкерлерінің заңнамаға сәйкес қызметтік міндеттерін атқару кезінде бейтараптылықты сақтап, өз діни сенімдерін ашық насихаттамауы керектігін ескертті. Мекеме қабырғасында заңсыз діни әдебиеттерді, аудио-видео материалдарды таратуға, күмәнді уағызшылардың дәрістерін тыңдауға және насихаттауға қатаң тыйым салынатынын мәлімдеді. Әрбір қызметкерді тек Қазақстан Республикасының аумағында ресми рұқсат етілген ақпараттық көздерге ғана сенуге шақырды. Сөз соңында, жат ағымдардың жетегінде кетпеу үшін жеке құрам арасында тұрақты түрде теологтар мен дін Түркестан істері басқармасы мамандарының қатысуымен кездесулер өткізуді тапсырды.

5. Мекемеге бекітілген мемлекеттік мүліктерді тек нысаналы мақсатында және қызметтік қажеттіліктер үшін пайдалану, материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері. Төраға өз сөзінде мемлекеттік мүлік пен бюджет қаражаты есебінен сатып алынған кез келген техникалық құрал (қызметтік автокөліктер, компьютерлер, ұялы байланыс құралдары, планшеттер, кеңсе жабдықтары) тек қана лауазымдық міндеттерді сапалы атқару үшін берілгенін атап өтті. Мемлекеттік мүлікті жеке мақсаттарда пайдалануға, оның ішінде қызметтік көлікті жұмыстан тыс уақытта жеке шаруаларға қолдануға, қызметтік компьютерлер мен планшеттерді отбасы мүшелеріне беруге немесе ойын-сауық үшін пайдалануға заңнама аясында қатаң тыйым салынатынын ескертті.

Төраға мемлекеттік мүлікті мақсатсыз пайдалану немесе оған салғырт қарау — сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырып, Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын тікелей бұзу болып табылатынын айтты. Әрбір қызметкер өзіне бекітілген мүліктің бүтіндігіне, дұрыс жұмыс істеуіне және техникалық күтіміне жеке жауапты екені ескертілді. Материалдық құндылықтарды жоғалту, сындыру немесе мақсатсыз пайдалану салдарынан мемлекетке зиян келген жағдайда, қызметкерге қатысты тек тәртіптік шара қолданылып қоймай, ҚР заңнамасына сәйкес толық материалдық және әкімшілік жауапкершілік жүктелетінін мәлімдеді. Мекеменің шаруашылық және есепшілік бөлімдеріне мүліктің пайдаланылуын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

ЖИНАЛЫС БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу: Қызметкерлер арасында жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру бойынша құқықтық оқу сағаттары өткізілсін. Мекеме қызметіндегі жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау тұрақты жүргізілсін.

Әдеп нормаларын сақтау: Барлық қызметкерлер азаматтармен қарым-қатынаста және жұмыс уақытынан тыс сәттерде Әдеп кодексін қатаң сақтасын.

Лудоманияның алдын алу: Мекеменің қызметтік құрылғылары мен интернет желісінде букмекерлік кеңселер мен онлайн-казино сайттарына кіруге толық техникалық бұғаттау (блоктау) қойылсын. Жеке құрам арасында анонимді сауалнамалар жүргізілсін.

Діни экстремизмнің алдын алу: Қызметкерлердің жат ағымдардан сақтануы мақсатында кәсіби теологтардың қатысуымен кездесулер ұйымдастырылсын. Компьютерлер мен планшеттерде экстремистік сайттарға кіруге бақылау күшейтілсін.

Мемлекеттік мүлікті мақсатты пайдалану: Қызметтік компьютерлер мен планшеттер тек лауазымдық міндеттерді атқару үшін (нысаналы мақсатында) пайдаланылсын. Мүлікті жеке мақсатта қолдану немесе бүлдіру фактілері анықталса, кінәлі тұлғалар қатаң тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартылсын.

Аяқталу уақыты: 17 сағат 35 минут.

Алимкулов Закридин Нурханович _____
(қол қоюшы Т.А.Ә.) (қолы)

Әбутәліп Ақмырза Ерхасенович _____
(хатшының Т.А.Ә.) (қолы)